

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2. Мыналар: 1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатова қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы; 2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы; 3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қала-сында орналасады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 мамыр, № 887

ГАЗДАНДЫРУ - елді мекендерді жандандыру

Қазіргі кезде облыс тұрғындарының басым бөлігі көгілдір отынға қол жеткізді. Елді мекендерді газдандыру жұмыстары Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Жетісу облысының елді мекендерін табиғи газға қосу мәселесі маңызды міндеттердің қатарында.

Қазіргі таңда аймақта «Жетісу облысын 2030 жылға дейін кешенді газдандыру» өңірлік кестесін іске асыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бағдарлама аясында табиғи газға 358 елді мекеннің 192-сін қосу көзделуде.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейсбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жыл аяқталғанша Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласына дейін 101, Панфилов ауданының 25, барлығы 500 мың тұрғыны бар 126 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету міндеті тұр. Осындай ауқымды іс-шаралардың нәтижесінде аймақты газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетеді. Қазіргі таңда 84 елді мекен газдандырылған, бұл жоспарланған көрсеткіштің 58,2%-ын құрайды. Яғни, 400 мыңнан аса адам көгілдір отынға қол жеткізіп отыр. Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғанға дейін тек 210 мың адамы бар 5 өңір немесе облыс халқының 29%-ы ғана газдандырылған болатын. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 63 елді мекен немесе облыс жұртшылығының

56%-ы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін қалған 42 елді мекен табиғи газға қосылады деп күтілуде.

Газдандырудың екінші кезеңінде Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарын көгілдір отынға қосу жоспарлануда. Бүгінгі таңда құны 131,7 млрд. теңге болатын «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жобада ұзындығы 302 шақырым, 6 АГТС орнатумен магистральдық газ құбырын салу көзделген, бұл 124 мың тұрғыны бар тағы 66 елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді. Тапсырыс беруші – «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы, мердігер «Asia Caspian Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың тамыз айында басталған.

Қазіргі уақытта құбырдың дайындығы 97%-ды құрайды. Сонымен бірге 6 автоматтандырылған газ тарату стансысын орнату ісі басталды. Бұл жұмыстар қазан айында толық аяқталады деп күтіліп



отыр. Сонымен бірге Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 124 мың адамы бар 66 елді мекенді газдандыру бойынша жобаларды әзірлеу жұмыстары жүруде. Сараптама қорытындысы осы жылдың қыркүйегінде шығарылады деп жоспарлануда. Жобалау ұйымы – «Қазақ Энергетика және байланыс ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жұмыс жеке инвестициялар есебінен іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген жобаларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың нәтижесінде 642 мыңнан аса облыс тұрғындары немесе жалпы халықтың 92%-ы көптен күткен көгілдір отынға қол жеткізіп, қуанышқа кенеледі. Жалпы, аймақтағы газдандыру мәселесі тұрақты бақылауда.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisý».

Ұлық мейрам - Құрбан айт құтты болсын!



қабыл болсын деу арқылы достық пен ағайындықты нығайта түседі. Мерекенің алғашқы күні ертерек тұрып, ғұсыл алып, таза киім киіп, қош иісті әтір сеуіп, көшеде жолыққан адамға ашық жүзбен сәлемдесу, құрбандық етімен ауыз ашу үшін айт намазының алдында ештеңе жемей, оған бара жатқанда тәбір айту - хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың сүннеті.

Құрметті мұсылман бауырлар мен отандастар!

Ұлық мереке құтты болсын! Айт күңгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла тағала қабыл етсін. Әрбір отбасына бақыт, береке қонғай! Көп ұлт пен ұлысты Отанымызға бірлік пен ынтымақ бергей!

Жаратушы иеміз сүйікті Қазақстанымыздың мерейін үстем етіп, халқымыздың ауыз бірлігін арттыра бергей!

Ардақ ТҮКІТАЕВ,
Сарқан ауданының бас имамы.



ӘЛЕУМЕТТІН ӘЛЕУЕТІ ЗОР

2022 жылдың жазында еліміз жаңа бетбұрыс жасап, Жетісу жеке облыс болып қайта құрылды. Бұл уақыт көп пе, аз ба? Қалай десек те 3 жыл – бүтін бір өңірдің бағытын өзгерткен кезеңге айналды. Бүгінде біз сол 3 жылдың жемісін, әсіресе әлеуметтік саладағы серпілісті бағамдамақпыз.

Жеке облыс болып құрылған кезден бастап өңірде 15 әлеуметтік нысан іске қосылды. Нақты айтсақ, Алакөл, Сарқан, Панфилов және Қаратал аудандарындағы елді мекендерде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 30-50 орынды 4 жаңа орталық ашылды. Бұл нысандардың ашылуы мүгедектігі бар балаларын өз қаражаты есебінен Алматы, Астана қалаларына барып емдететін ата-аналар үшін өте тиімді болды. Енді ерекше балалар оңалту шараларын ешқайда бармай-ақ тұрғылықты жерінде тегін ала алады. Сондай-ақ, елімізде алғашқылардың бірі болып, 2023 жылы 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар үшін Алакөл көлінің жағасында 40 орынды «Жансая» жазғы сауықтыру лагері ашылып, өткен жылы 142 бала ата-анасымен бірге демалса, биыл 160 бала қамтылады деп күтілген. Ал болашақта Балқаш көлінің жағалауында да осындай лагерь ашу жоспарланған. Бұдан өзге, облысымызда алғаш рет Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Мерей» балаларды оңалту орталығының базасында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған модульді «Иппотерпия» орталығы ашылды. 2023 және 2024 жылдары Панфилов, Сарқан, Алакөл, Кербұлақ, Қаратал аудандары мен Текелі қаласында «Жанұя» отбасын қолдау орталықтары бой көтерді. Биылғы жылы Ескелді, Көксу және Ақсу аудандарында ашылады деп жоспарланған. Ал Талдықорған қаласында «Жанұя» орталығы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызмет атқаруда. Бұл орталықтар қызмет алушыларға экономикалық, заңгерлік, психологиялық, медициналық және әлеуметтік қызметтер ұсынады. Ал бой көтерген 15 әлеуметтік нысанның үшеуі Талдықорған қаласында ашылды. Атап айтсақ, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға арналған жаңа заманауи құрылғылармен жабдықталған «Асар» спорттық-оңалту орталығы; зейнеткерлік жастағы азаматтарға сапалы қызмет көрсету мақсатында ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» және «Қазақстан халқына» қорымен бірлескен аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталық. Бұл мекемелерге жүгінетіндер әлеуметтік қызметтің барлық түрін алуда. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы Талдықорған қаласында 150 орынды мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту құрылысы басталмақ. Құны 8,8 млрд. теңге болатын нысанды салу үшін конкурс құжаттары әзірленуде. Жоспарға сәйкес жаңа нысан 2026 жылдың соңына дейін аяқталып, іске қосылуы тиіс.

Талдықорған қаласында 25 мыңға жуық зейнеткер тұрады. Осы орайда облыс әкімі Б. Исабаевтың тапсырмасы бойынша ашылған қаладағы зейнет жасындағы адамдар үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» өткен жылдың қаңтарынан бері жұмыс істеп келеді. Ашылғалы бір жарым жылдай уақыт өткен орталықтың қазіргі тыныс-тіршілігінен хабардар етуде мекемеге арнайы барып, онда еңбек етіп жүрген қызметкерлер мен келушілерге жолығып, тілдесіп қайтқан едік.

Мекеме басшысы Әсет Оразбекұлының айтуынша, қазіргі таңда орталыққа мыңға жуық зейнеткер тіркеліп үлгерген. Оның ішінде қалаға жақын аудан, ауылдардан келетіндер де бар. Күніне 250-ге жуық адам келеді. – Мұндай

орталық қалада бұрын да болған, бірақ оның жұмысын жүргізіп, дамыту үшін қоғамдық ұйымдар арасында конкурс ойнатылатын. Енді орталық коммуналдық мемлекеттік мекеме форматында қайта ашылып отыр. Орталықта қаржылық және компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, қазақ тілі, би үйірмесі, йога, вокал, шахмат-дойбы, үстел теннисі бойынша сабақтар жүргізіледі, скандинавиялық жүру ұйымдастырылады. Күнде таңертең келушілеріміздің қаладағы «Жеңіс», «Ардагерлер» саябағына барып, табиғат аясында демалып қайтуына да жағдай қарастырылған. Аптасына екі мәрте орталық жүзу бассейніне, сонымен қатар «Жастар» спорт кешеніне бильярд ойнауға да барады. Келушілердің ең үлкені 80 жастан асқан. Ал қызмет түрі



Тілек. Пікір. Ұсыныс

Өміріміз өзгеріске толы

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Сарқан аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы:

– Жетісу облысының өз алдына жеке облыс болып бөлінгеніне 3 жыл өте шығыпты. Өңірімізде жүйелі жұмыс бар, нақты стратегиялар қолға алынған. Жаңа жобалар мен экономикалық үрдістер жүзеге асты. Көз алдымызда облыс орталығы ғана емес, ауыл-аймақтар да өркендеп келеді. Әсіресе, аграрлы аймақ болғасын ауылшаруашылығына көңіл бөлініп, диқандарға қолайлы жағдай туғызылды. Туризм саласында да ілгерілеу басым. Демалыс орындарының жағдайы жақсарып, оларға жететін жолдар жасалды. Күні ертең Балқаш көлінің жағалауы жанданып, жаңара түседі.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Жетісу жерінің аудандарын аралап, жергілікті жұртшылықты толғандырған мәселелерді шешу жолдарын іздестіргеніне куәміз. Үш жыл аралығында ауданымыздың елді мекендерінде мәдениет үйлері, амбулаториялық емхана, мектеп, спорт кешені, көпір, жол секілді көпшілікке қызмет ететін нысандар жаңадан салынды.

Өмір алға жылжып барады. Алдыға асықтырған уақытпен бірге жұртшылық талабы да өсе түсуде. Бұл жақсы үрдіс. Жетісу өңірі өркениет көшінен қалмауы тиіс.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ

олардың сұранысы мен қызығушылығына қарай көрсетіледі. Қазіргі таңда 30-дай қызметкер жұмыспен қамтылған. Бүгінде орталық қызметін тұтынушылар саны артты. Дейтұрғанмен, жаз мезгілінде келушілер саны қыстағыдай емес, саябырсиды. Өткен жылы жазда зейнеткерлерімізді өңірдегі киелі жерлерге апарып, аралатқан едік. Биыл да осы үрдісті қолға аламыз деген ойдамын. Қызметтер тегін көрсетілетін Желтоқсан көшесі, 59-үй мекенжайында орын тепкен орталыққа қаладағы зейнет жасындағы кез келген тұрғын келе алады. Келушілер жеке басын куәландыратын құжат пен зейнеткердің жеке куәлігін көрсетуі тиіс, – дейді мекеме басшысы Ә. Оразбекұлы. Белсенді өмір сүрудің зейнеткерлерге тигізер пайдасы зор десек, орталық қызметкерлері де өз жұмысын мінсіз атқарып келеді. Орталықтағы дәрігер күнде таңертең келушілердің қан қысымын өлшеп, арнайы журналға тіркейді. Медицина саласында 40 жылға жуық жұмыс істеген Гүлнәр Абаева орталық ашылғалы еңбек етіп келеді. Айтуынша, зейнет жасындағылар үшін белсенді өмір салтын ұстану үшін барлық жағдай қарастырылған. Алғаш келген кезде олардың жасы мен денсаулығына қарай қандай қызмет түрін алуы керек екенін анықтайды. Келушілердің физикалық қана емес, ақыл-ойының үздіксіз дамуына да барынша ден қойылған.

– Жас келген сайын, бәрі болмаса да адамдардың басым бөлігінің бойында ұмытшақтық пайда болатыны белгілі. Сол үшін олардың психикалық белсенділігін арттыруда қазақ тілі, ағылшын тілін оқу мен миды жұмыс істететін шахмат пен дойбы ойынын ойнаудың да маңызы зор. Орталықта осы қызмет түріне ерекше ден қойылған. Өн салып, би билеп, жаттығулар жасау арқылы өмір сүруге деген ынтасы артқандар қатары қалың. Жалғызбасты адамдар үшін дос тауып сырласуына, белсенді өмір салтын ұстауға да тиімді. Мұнда келіп ауруын ұмытып, қалыпты өмірге қайтқандардың қарасы көп. Сонымен қатар, қан қысымы реттелгендер де баршылық. Келушілер арасында құдды бір жұмысқа келгендей таңнан кешке дейін жүретін зейнеткерлер де бар. Негізгі күн сайын қалмай келетіндер үшін (денсаулығына қарай) массаж кабинетіне арнайы бонус беріледі. Зейнет жасындағы адамдардың өмір сүру салтын қалыпты ұстауда осындай орталықтардың ашылғаны көңіл қуантады, – дейді дәрігер Гүлнәр Бәкірқызы. Қазақ тілінен сабақ беретін Сәуле Арнайқызы да орталық ашылғалы еңбек етіп келеді. Бала оқытып, өмірін ұстаздық жолға арнаған ол зейнеткерлікке шықса да үйде отырмай, бойындағы білімін орталыққа келушілермен бөлісуде. – Зейнеткерлікке шықсам да қазақ тілінен сабақ беріп жүргеніме қуанамын. Орталықтағы мемлекеттік тілді үйренсем, білсем дейтіндер қатары 70 пен 75 жастың аралығындағы адамдар. Екі топ бар: бастауыш және жалғастырушы. Екі топ та 10 шақты адамнан. Қазір жаз мезгілі болғандықтан келушілер саны саябырсыды. Күзге қарай адам саны толығырақ. Аптасына бес мәрте сабақ өткіземін. Сабақ барысында мемлекеттік тілді түсініп қана емес, сөйлей бастағандары да бар, – дейді С. Арнайқызы. Жетісу облысы қайта құрылғанда жұрт көкейінде «Бұл өзгеріс не береді?» деген заңды сауал туындағаны рас. Дейтұрғанмен, бүгінде бұл сұрақтың жауабы нақты істермен айшықталды. Өңірде ашылған әр жаңа нысан соның айқын дәлелі.

Сарби ӘЙТЕНОВА,
«Jetisy»

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫП

Дамыған мемлекеттердің жарқын болашаққа деген оң қадамы экономикалық-әлеуметтік тұрғыда жасалған жарқын ісіне ғана емес, елінің мәдениетіне, рухани болмысы мен ұлттық ұстынына, қоғам алдындағы бет-беделіне байланысты. Әсіресе, мәдениеті мен елдік мұратына тікелей қатысты. Бұл жағынан алғанда елімізде өскелең ұрпақты елжандылыққа баулып, патриоттық сезімін шыңдау, бабалардан жеткен бай мұраны көздің қарашығындай сақтаудың жолы мәуелі мәдениетке деген қамқорлыққа тікелей байланысты. Ал бұл орайда мәдениетімізді асқақтату тұрғысында лайықты жұмыс істеліп келеді.

Ел мәйегі - мәдениет

Бір ғана Жетісу жерінде мәдениет саласы бойынша ауыз толтырып айтарлықтай игілікті іс атқарылды. Облыс құрылған 3 жылдың ішінде рухани шаралар ұйымдастырылып, сала бойынша бірқатар жаңа нысан пайдалануға берілді. «Ауылым – алтын бесігім» деп айшықтап, қазақылқтың қайнар көзі болған елді мекендердегі рухани ошақты жаңғырту, жаңа нысандар салу жүйелі жолға қойылды. Нәтижесінде, соңғы 3 жылда ауылдық жерлерде 12 мәдениет нысаны ашылды. Атап айтқанда, 4 Мәдениет үйі мен 8 клуб ел игілігіне берілді. Сондай-ақ, Үштөбе қаласында Қаратал аудандық тарихиөлкетану музейі есігін айқара ашты. Әулиелердің мекені саналған қасиетті Қаратал өңірінде есігін айқарған бұл музей ел көлемі бойынша бай мұраны қамтитын бір өңірдің тарихы мен құндылығын, дәстүрі мен мемлекеттің даму жолындағы белестерін көрсететін басты мекеменің бірі екенін де айта кеткен жөн. Сан

жылдан бері елдің мұңы мен жырына айналған Мәдениет үйлерінің тозып, қабырғалары жарылып тұрғанын көріп-біліп, орайы келгенде оның бәрін газет арқылы жазып та жүрдік. Бір ғана Ғали Орманов пен Сайын Мұратбеков сынды қазақтың қос классигін туған Қоңыр ауылындағы Мәдениет үйінің қараусыз қалғанын «Атқораға айналған Мәдениет үйі» деген тақырыппен айшықтап едік. Бұл өнер ошағынан бөлек, ауылды жерлердегі тозығы жеткен талай нысан көңіл қынжылтатын. Облыс құрылған 3 жылдың ішінде әр саланың тамырына қан жүрді десек, соның ішінде 7 ауылдық Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткенін айшықтағымыз келеді. Ілияс Жансүгіров: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп жырлағандай, ел үшін еселі еңбек еткен талант-тақсырлары да Жетісу жерінде лайықты дәріптеліп келеді. Мәселен, облыс құрылғалы бері тұғырлы тұлғалардың бейнесін мәңгілікке ұлт жадында қалдыру мақсатында игілікті істер жасалды. Ұлт перзенттеріне

ескерткіштер қойылды. Атап айтсақ, облыс орталығы Талдықорған қаласында ұлы Абай мен Халық суретшісі Әбілхан Қастеевке ескерткіш, Халық әртісі Бикен Римованың және екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің бюсті қойылды. Облыс тарихында тұңғыш рет эстрадалық-симфониялық оркестр құрылды. Кербұлақ ауданында Шоқан Уәлихановтың «Алтынемел» мемориалды кешеніне күрделі жөндеу өтті. Биылғы Мәдениет және өнер қызметкерлері күнінде Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бикен Римова атындағы драма театрына 50 жылдық мерейтойына орай академиялық мәртебе беруді ұсынды. Міне, осындай игілікті істерден бөлек, облыс құрылғаннан бері мәдениет, архив саласының штат саны 200 бірлікке артып, 2300 адамнан асты, бюджеті 83%-ға өсті. Ал саланың инфрақұрылымын жаңарту 40%-ға жетті. Айта кетерлігі, биыл 9 Мәдениет үйінің, 1 аудандық кітапхананың құрылысы жүргізіліп, 2 ауылдық Мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жүргізілуде.



Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.
«Jetyisay»



Басты байлық - білім

Кез келген ұлттың ең басты құндылығы – адам және оның жарқын болашағы мен бостандығы. Бұл еліміздің Ата Заңында да айшықты бедерленген. Бүгінгі таңда дамыған елдермен тереземіз тең болу үшін еркіндік пен елжандылықтан бөлек, еңбекқорлық пен білімді ұлт қатарында болу деген негізгі қажеттілік туындап тұр. Бұл орайда өскелең ұрпақтың білім алып, тәрбиенің таза шырынымен қанып өсуі үшін барынша жағдай жасалған. Ал, білім саласында облыс құрылғалы бері жарқын істер қолға алынып, жаңа нысандар салынуда. Аймақта соңғы жылдары әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы жақсарды.

Мәселен, облыс құрылғаннан бері өңірде әлеуметтік инфрақұрылымдардың жай-күйі едәуір жақсартылып, әлеуметтік нысандарды жаңарту 52%-ға жетті. Осы орайда білім саласы бойынша 15 жаңа мектеп салынып, іске қосылды. Соның нәтижесінде бейімделген мектептер саны 69-дан 39-ға дейін қысқарды. Ал, биыл 1080 орынды 4 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Кейбір өңірлердегідей емес, жалпы Жетісу жерінде бүгінгі таңда ұшауысымды мектеп жоқ. Қуанарлығы сол, заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталған жаңа мектеп салу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл орайда облыс құрылғалы бері 5310 орынды 15 мектеп жаңадан салынды. Атап

айтқанда, Ақсу, Сарқан, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында 2 мектептен, Көксу ауданында 3 мектеп, Панфилов ауданында 4 мектеп тұрғызылды. Оның ішінде Жаркент қаласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 1200 орынды мектеп те бар. Жыл басында білім саласы туралы атап өткеніміздей, биыл 13 білім беру нысанының құрылысы жүргізіледі деп көзделген. Жыл соңына дейін Алакөл ауданы Достық ауылында «Жайлы мектеп» жобасымен, сол сияқты Ақсу ауданы Көлтабан ауылында, Панфилов ауданы Лесновка ауылында, Кербұлақ ауданы Көксай ауылында жалпы саны 1080 орынды 4 жаңа мектеп іске қосылады. Айта кетерлігі, өңірлердегі жаңа мектеп

құрылысына ел Президенті оң баға беріп, Талдықорғандағы Ынтымақ ауылындағы мектепті үлгі ретінде атап көрсеткен болатын. Облыс әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, өңірде 3 жылда 270 әлеуметтік нысан жаңадан салынып, жөндеген. Нәтижесінде білім саласы нысандарын жаңарту 41,2%-ға жеткен. Сонымен бірге, білім саласының материалдық-техникалық базасын жақсартумен қатар оқушылардың тәрбиесіне де ерекше мән беріліп отыр. Облыс әкімінің бастамасымен өңірде «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобасы қолға алынып, бүгінде мектептерде 108 ментор жұмыс істейді. Олар балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, нашақорлық пен лудоманияның, буллинг пен кибербуллингтің, саламатты өмір салты, мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау, креативті ойлау, қаржылық сауаттылық сияқты 9 бағытта тәрбие жұмысын жүргізіп отыр. Соның нәтижесінде 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша, облыстық полиция департаментінің дерегіне сәйкес Панфилов ауданында жасөспірімдер қылмысы 4,4 есеге, Талдықорған қаласы аумағында 4,3 есеге дейін төмендеген. Айта кетерлігі, биыл аймақ бойынша 131 675 оқушы оқу жылын тамамдады. Оның ішінде, 11-сыныпты 7 866 түлек аяқтады. Жалпы өңір бойынша мектеп бітірген түлектің 472-сі «Алтын белгі» төсбелгісіне, 711-і Үздік аттестатқа үміткер.

АРДА БИ.

Жүйелі жоспар жетістік бастауы

Жетісу облысы жеті өзеннің сағасында орналасқанымен елді мекендерге су жеткізу, тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі бір кездері күн тәртібінде тұрғаны анық. Әрине, Алматы облысы құрамында тұрғанда бұл саладағы көрсеткішіміз республикада алдыңғы орында тұрғаны мәлім. Алайда облыс алғаш шаңырақ көтерген жылдары су шаруашылығы төңірегіндегі мәселелер жиі көтерілді. Жер-жерде ауызсуға деген қажеттіліктің салдарынан жұрттың өкпе-реніші айтылып жатты.



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ӘР АУЫЛДА ТАЗА СУ

2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН
100% АУЫЛ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ 694 200 ТҰРҒЫН
ТАЗА АУЫЗ СУ ІШІП ОТЫР

2022-2024 ЖЫЛДАРЫ 420,5 КМ СУ ЖЕЛІСІ
ЖАҢАРТЫЛДЫ

Осы бір түйткілден шығу үшін су шаруашылығы мен сумен жабдықтау құрылғыларын жаңғырту және таза ауызсу мәселесін шешу үшін ұтымды жобаларды қолға алу қарастырылды. Осыған орай, 2022 жылы 17 жобаны (жалпы құны 16,1 млрд. теңге) іске асыруға бюджеттен 7,7 млрд. теңге бөлініп, 264 шақырым желі салынды және қайта жаңартылды. Нәтижесінде сумен жабдықтау желілерінің тозуы 37,3 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен 30 жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 471,4 млн. теңге бөлінді. Жобалау жұмыстары 2023 жылы аяқталды. Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап 21 елді мекенде жерасты су қорын бекіту жұмыстары жүргізіліп, өткен жылдары ел игілігіне берілді. Халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы сумен жабдықтаудың 25 жобасын

іске асыруға 6,4 млрд. теңге бөлінді. Сол жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен 6 қалалық, 319 ауылдық елді мекен, 7 елді мекен тасымал сумен қамтамасыз етілді. 2024 жылға республикалық бюджеттен жалпы сомасы 6,1 млрд. теңгеге 10 жоба қолдау тапты. 12 ауыспалы жоба үшін жергілікті бюджеттен 150 млн. теңге сомасында қаражат бөлуге бюджеттік өтінім берілді. Осының аясында Алакөл, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов аудандарындағы бірқатар елді мекен – таза суға қол жеткізді. Облыста 358 елді мекеннің 13-і немесе 3,6 пайызы орталықтандырылған су бұрумен қамтылған, көріз желілерінің ұзындығы 620 шақырым. Ал аймақтағы көріз желілердің тозуы 58,1 пайызды құрап отыр. Көріздік тазарту құрылыстары 5 қалада және 2 аудан орталығында (Сарыөзек ауылы – консервациялауда) бар. 5 ауылдық елді мекенде сүзу алаңы орналасқан. 2020 жылдан бастап Алакөл ауданында «Көріз жүйесінің құрылысы, көл жағалауында тәулігіне 6,5 мың м3 көріз тазарту құрылысы», жобасы іске асырылды. «Текелі қаласының көріз жүйелерін қайта жаңарту» және Қаратал ауданы Үштөбе қаласының тазарту ғимаратын қайта жаңарту бойынша, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылының көріз желілерін қайта жаңарту және салу, Алакөл ауданы Көктұма ауылының көріз жүйесін орнату жобалары аяқталды. 2024-

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ


2026 жылдары жалпы құны 33,2 млрд. теңге болатын 31 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда, оның ішінде 7 суару жобасы бар. Облыста жаңа суармалы жерлерді көбейту үшін ирригациялық желілерді қайта жаңарту мақсатында 35,6 млрд. теңгеге су шаруашылығының 11 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 4-еуі аяқталды, қалған объектілер жыл соңына дейін пайдалануға берілетін болады. Нәтижесінде 5,3 мың гектар суармалы жер қосылып, 37,1 мың гектар жерді сумен қамтамасыз ету жақсарады. Жалпы облыстағы 358 елді мекеннің (қалалық ЕМ – 6, ауылдық ЕМ-352) 331 елді мекені орталықтандырылған сумен жабдықтауға жатады. Бүгінгі таңда оның 92,5 пайызы орындалды. Егер осыдан 2-3 жылдың алдындағы 40-50 пайыздық көрсеткішпен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, облыстағы су мәселесі оңтайлы шешілді деуге болады.

Қажет АНДАС.

Жетісу облысы өз алдына облыс болып жеке құрылғалы да құрылыстың қарқыны бір сәт тоқтаған жоқ. Облыс-аудан орталығынан бөлек, алыс ауылдарда заманауи кешендер бой көтеріп, түрлі нысандар салынып, еңселі үйлер тұрғындарға пайдалануға беріліп келеді. Үй кезегін азайту мақсатында түрлі жоспар қолға алынып, шетінен орындалып жатыр.

Құрылысы қарқынды, тұрғыны бақытты

Осы орайда облыстық құрылыс басқармасының кейінгі үш жылда өңіріміздегі құрылыс деңгейінің көрсеткіші жайлы ақпаратына сүйенсек, көңіл қуантарлық. Құрылыс басқармасына қарасты жоспарлау, жобалау, тұрғын үй нысандарының және инженерлік коммуникациялық желілерінің құрылыс бөлімінің бас маманы Маржан Дәулетқызы: «Облысымызда 2022-2024 жылдары 295 үй (4994 пәтер) берілді. Оның 218 үй бюджеттен, 55 үй коммерциялық тұрғын-үй, 22 үй демеушілер есебінен салынса, 873 пәтер сатып алу бойынша жүзеге асты», – деді. Қиыр жайлап, шет қонған елді мекендерде де заманауи амбулатория, спорт кешені, мәдениет үйі



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНА - 3 ЖЫЛ:
ШАМАМЕН 1 МЛН. ШАРШЫ
МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛІП,
КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН 5735 АДАМ
БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

бой көтеріп, халыққа қызмет істеп жатыр. Ал тұрғындар үйлі болып, жыл сайын үйсіздер саны азайып келеді. Тарқата жазсақ, 2022 жылы 280 пәтерлі 55 үй бюджет есебінен, ал 2023 жылы 1417 пәтерлі 42 үй бюджеттен бөлінген қаржыға, несие жүйесімен 1057 пәтерлі 24 үй, жалдамалы жүйе бойынша 360 пәтері бар 18 үй пайдалануға берілсе, былтыр бюджет арқылы 865 пәтері бар 122 үй, несиемен 498 пәтерлі 11 үй, жалдамалы жүйе арқылы 367 пәтерлі 111 үй салынып, халыққа кілті табысталды. Байқасаңыз, жыл санап құрылыстың қарқыны артқан және оған қойылатын талап-міндет өзгерген. Сапалы үймен қамтамасыз ету мақсатында көптеген міндет ойдағыдай жүзеге асып жатыр. Құрылыс басқармасындағы қызметкерлер талай нысанның жобасы әзірленіп, бекітіліп жатқанын айтты. Облыс болып өз алдына құрылған өңірдегі қала-ауылдардың да аумағы кеңіп, көзтартар үйлер мен зәулім ғимараттар салынуда.

Қали АСҚАР.

Ардагер ұстазға ілтипат

Ұстаз барша мамандықтың көш бастаушысы. Әрбір адам болашағының бақытты, келешегінің кемел болуы үшін сапалы білім мен тәлім - тәрбие беріп, тәуелсіз еліміздің болашағы өскелең ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше. Ұстаз еңбегі аса құнды, игілікті әрі өлшеусіз еңбек. Әр адамның өмірінде үлкен ыждаһаттықпен білім әлеміне жол ашып берген аяулы ұстазы болатын. Қай заманда да ұстазға деген құрмет шексіз, ұстаздықтың шоқтығы биік.

«Мұғалім болуға менің қызығушылығымды оятқан тарих пәнінің мұғалімі, өзімнің апайым марқұм Уксюкбаева Биша Иманбекқызы. Осы кісінің сабағында тарихи оқиғаның ішінде жүргендей сезінетінбіз. Міне осы кезден бастап арманым мұғалім болу болды дейді» - Серікбол Қанабекұлы.

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, адамгершілік рухта бағыттап беріп, ұстаздық еңбек жолында 1983 -2024 жылдары, 41 жылдан астам ұлағатты ұстаз шәкірттерін түрлі додалар мен сайыстарға ғылыми жоба, олимпиадаларға қатыстырып білім шыңынан көрінуге септігін тигізді. Ұстаз сырттай қарапайым болғанымен ұлы істі атқарады. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан»-деп Абай хәкім айтпақшы Президенттің алғыс хатымен, екі мәрте төсбелгілерімен, 2014 жылы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың медалімен, 2015 жылы авиация генерал майоры Талғат Бигельдиновтың медалімен марапатталды.

Облыстық құрмет грамоталары мен аудандық әкімдік марапаттары иеленген Қабылов Серікбол Қанабекұлы Алматы қаласы Абай атындағы педагогикалық институты-

на 1978 жылы түсіп, 1983 жылы тарих факультетін бітіріп Жетісу облысы Сарқан ауданы Аманбөктер орта мектебіне тарих пәнінің мұғалімі болып келді. Осы аталған мектепте мұғалім, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, алғашқы әскери пәнінің оқытушысы, тарих, құқық негіздері пәнінің оқытушысы қызметтерін атқарды. Бүгінде зайыбы - Нұрхадияшамен бірге отбасында бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр, отбасының тіреуі бақытты өке. Серікбол Қанабекұлы – ешқашан мойымайтын, ойына алғанын іске асыратын нағыз еңбек адамы, үлгілі өнегелі өмір тәжірибесі мол ұстаз, бар ғұмырын мектепке арнаған. Ешбір құрылғымен өлшенбейтін осы бір еңбегі мектеп тарихында алтын әріппен жазылды. Сонымен бірге сайрап тұрар әр сабағыңыз шәкірт жүрегінде мәңгі жаттаулы. Ұстаз еңбегінің өлшеусіздігі, бәлкім, осында жатқан болар?! Мен осылай пайымдадым.

Б.РЫСКЕЛДИНА,
№1 мектеп-гимназиясының
орыс тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.

Қала және аудан тұрғындарының назарына

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей: Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар); Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама); Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама); Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама); «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама); Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама); Жылжымайтын мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама); Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама); Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы: 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11); 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады ([kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz/ru/app/culstaxarear-search-web) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culstaxarear-search-web>)); 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі; 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл; 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды,

олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жеке-леген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғаны азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұл-ыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керекті барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «Бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Дарын ЖУЛУНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

В настоящее время в Казахстане защита прав субъектов предпринимательства является одним из приоритетных направлений деятельности государственных органов. Эффективная поддержка бизнеса тесно связана с уровнем его правовой защищенности и прозрачностью системы государственного контроля. В этом контексте Генеральной прокуратурой активно внедряют процессы цифровизации и автоматизации, направленные на сокращение незаконных проверок и устранение административных барьеров.

С целью совершенствования государственного надзора и регулирования Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан была внедрена и успешно функционирует система «Единый реестр субъектов и объектов проверок» (ЕРСОП).

Данная система не только обеспе-

Цифровые технологии в сфере правовой статистики и защиты предпринимательства

чивает прозрачность проверок бизнеса, но и позволяет контролировать их законность и обоснованность.

Так, за 2024 год Департаментом Комитета по области Жетісу зарегистрировано 3 313 актов о назначении проверок из них 1 318 проверок в деятельности субъектов частного предпринимательства, из которых – 1078 субъектов малого предпринимательства, в том числе 576 микропредпринимательства, 145 - среднего предпринимательства и 95 – крупного.

Защищены права 86 субъектов бизнеса, в том числе в отношении 31 субъекта частного предпринимательства.

По выявленным нарушениям действующего законодательства внесе-

но 23 акта прокурорского надзора, по результатам рассмотрения которых к ответственности привлечено 35 должностных лиц, из них 6 к административной ответственности.

Эффективность системы ЕРСОП обусловлена ее полной автоматизацией. С помощью данной системы в электронном формате фиксируются акты назначения проверок, их продления, а также регистрация и учет их результатов. Такой подход способствует повышению прозрачности проверочных процессов и снижению коррупционных рисков.

Кроме того, Комитет по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан внедрил мобильное прило-

жение Qamqor, предназначенное для правовой поддержки предпринимателей.

Данное приложение предоставляет бизнесу оперативный доступ к информации о текущих проверках, позволяет проверить их законность и в случае необходимости получить ответы на интересующие вопросы.

Мобильное приложение Qamqor стало «карманным помощником» для предпринимателей, позволяя им защищать свои права и избегать незаконного административного давления.

В настоящее время данное приложение доступно на платформах App Store и Google Play, что делает цифровые решения еще более удобными для представителей бизнеса.

Департамент Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по области Жетісу.

• Заң және тәртіп

Қазақстан – көпконфессиялы мемлекет. Бұл елде әртүрлі діндер арасындағы бейбітшілік пен келісімді сақтау – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Алайда діни құқық бұзушылықтар қоғамда әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 453-бабы осындай әрекеттердің алдын алуға бағытталған.

Діни сенім бостандығы – әрбір азаматтың негізгі құқығы, алайда ол мемлекеттің зайырлы қағидаттары мен құқықтық нормаларын бұзбауы тиіс. Дін саласындағы заң бұзушылықтар елдің ішкі тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін, себебі олар қоғамдық алауыздықты тудырып, халықтың арасында сенімсіздік пен қарсыластықты күшейтуі ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, 453-бап тек құқықтық құжат ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы бейбіт өмір мен тұрақтылықтың кепілі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік органдар мен діни ұйымдар арасындағы өзара үйлесімді жұмыс, азаматтардың заңдарды қатаң сақтауы және қоғамдық бақылаудың болуы – бұл баптың тиімді қолданылуына ықпал ететін негізгі факторлар. Әртүрлі конфессиялардың бір-біріне деген құрметі мен ынтымақтастығы сақталған жағдайда ғана қоғамда бейбітшілік пен келісім нығаяды. Сондықтан 453-баптың ережелері азаматтардың санасына сіңіп, оның талаптары барлық деңгейде қатаң орындалуы тиіс. Бұл тек діни саладағы ғана емес, жалпы құқықтық мәдениетті арттыру үшін де маңызды қадам. Қазақстан халқы үшін діни еркіндік пен заңдылықты сақтаудың біртұтас үлгісін қалыптастыру – тұрақты даму мен біртұтас қоғам құрудың басты шарты.

453-баптың дінге қатысты маңызы

Бұл бапта қоғамның қауіпсіздігі мен азаматтардың құқықтарын қорғауға қатысты діни заң бұзушылықтарды

ДІНИ САЛАДАҒЫ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕР: 453-баптың құқықтық қолданысы

қамтуы мүмкін. Мұндай әрекеттер, әдетте: Заңсыз діни қызметті ұйымдастыру; Діни жеккөрушілік пен алауыздықты қоздыру; Экстремистік діни идеяларды насихаттау немесе тарату сияқты іс-әрекеттерден тұрады.

Мысалы: Заңсыз діни қызмет: Мемлекеттік органдарда тіркелмеген діни ұйымдардың заңсыз жиын өткізуі; Діни алауыздықты қоздыру: Белгілі бір дін өкілдерін кемсіту немесе қорлау арқылы қоғамда қақтығыс туғызу; Экстремистік мазмұнды материал тарату: Радикалды діни көзқарастарды насихаттайтын әдебиет немесе аудиовизуалды материалдарды тарату.

Дін саласындағы заң бұзушылықтар ауырлығына қарай әртүрлі жазалармен қарастырылады: 1. Айыппұл: Жеке тұлғаларға 20 АЕК көлемінде айыппұл. Шағын бизнеске 50 АЕК көлемінде айыппұл. Қайталанған жағдайда қызметке тыйым салу мүмкіндігі бар. 2. Қоғамдық жұмыстар: Белгілі бір мерзімге міндетті қоғамдық жұмыстарға тарту. 3. Бас бостандығын шектеу немесе айыру: Ауыр құқық бұзушылықтар үшін бірнеше жылға дейін бас бостандығынан айыру.

453-баптың діни экстремизмге қарсы қолданылуы

Діни экстремизм – қоғамның бейбіт өміріне үлкен қауіп. Қылмыстық кодекстің 453-бабы діни сипаттағы заң бұзушылықтарға нақты шектеу қояды. Заңсыз миссионерлік қызметті ұйымдастыруды және Радикалды идеяларды насихаттау арқылы қоғамда алауыздық тудыруды. Мысалы: Белгілі бір діни топ әлеуметтік желілер арқылы экстремистік мазмұнды материал таратса, оларды 453-бап негізінде қылмыстық жауапкершілікке тартуға болады.

Қоғамдық тұрақтылықты қамта-**масыз ету**

Қазақстандағы діни ұйымдар тек тіркеуден өткен және заң аясында жұмыс істейтін болуы тиіс. Бұл талаптар: Әртүрлі дін өкілдері арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруге; Радикалды ағымдардың таралуына тосқауыл қоюға; Азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға бағытталған.

Мемлекет дін саласындағы кез келген заң бұзушылықты қатаң бақылай отырып, ел ішіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, 453-бап – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі маңызды баптардың бірі, ол қоғамдағы заңсыз әрекеттердің алдын алып, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Әсіресе діни салада бұл баптың рөлі ерекше, өйткені ол діни экстремизмге, заңсыз миссионерлік қызметке және діни алауыздықты қоздыруға қатысты қылмыстық жауапкершілікті нақты белгілейді. Дін – халықтың рухани байлығы, ал заң – сол байлықтың қорғанысы. Сондықтан ел азаматтары дінді жеке сенімнің маңызды бөлігі ретінде қарастыра отырып, оны қоғамдық және заңдық нормаларға қайшы келмейтіндей қолдануы қажет. Мемлекет пен қоғамның бірлескен күш-жігері арқылы ғана діни экстремизмнің алдын алып, қоғамдағы бейбітшілікті сақтауға болады. 453-бап – тек жазалау құралы емес, ол елдегі зайырлылық пен құқықтық тәртіпті сақтаудың маңызды тетігі.

Наргиз ЯДЫКАРОВА,

«Жетісу облысының дін істері басқармасы» ММ «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығы» КММ Киберқауіпсіздік және қарсы насихат бөлімінің маман-теологы.

• Спорт

Балаларды қорғау күніне орай



1 Маусым – Балаларды қорғау күніне орай ерекше шара өтті. Бұл күн балалардың шат күлкісіне, достық пен қуанышқа толы болды! Мерекеге орай ұйымдастырылған ойын-сауық бағдарламасы жасөспірімдер мен бүлдіршіндерге керемет көңіл-күй сыйлады. Атап айтқанда мынадай жарыс түрлерінен сайыстар өткізілді.

Жастықпен сайысу — көңілді шайқастар мен қыран-күлкіге толы қызықты сәттер!

Эстафеталық ойындар — жылдамдық пен ұйымшылдықты сынаған қызықты жарыстар.

Дартс ату жарысы — мергендікті, ептілікті көрсеткен тартысты сайыс.

Балалардың жүзіндегі қуаныш пен жарқын эмоциялар – біздің басты жетістігіміз! Бала – болашағымыз, оларды қорғау, қолдау және бақытты балалық шақ сыйлау – әрқайсымыздың міндетіміз!

Зауре БАБАШЕВА,

Сарқан ауданының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу бөлімінің басшысы.

Влияние пестицидов на здоровье человека

Химические вещества не одно десятилетие используются в агропромышленной области, для биологической защиты растений.

Семена обладающие высокими сортовыми и посевными качествами, свободные от вредителей и болезней, это залог будущего урожая. Для протравливание семян зерновых культур применяется много разных средств, разрешенные по Республике Казахстан.

Обработка семян протравителями необходимо проводить на асфальтированной площадке не менее 200 метров от жилых помещений, источников водоснабжения, мест хранения продуктов питания и мест приема пищи и воды. Ежедневно по окончании работ все остатки препарата и освободившую тару сдают на склад. Ни при каких обстоятельствах без присмотра нельзя оставлять протравленное зерно. При перевозке протравленного зерна до места посадки транспорт должен быть герметичен, т.е протравленное зерно не должно просыпаться.

Все работы связанные с перевозками, отпуском, хранением и применением пестицидов необходимо проводить в строгом соответствии с правилами техники безопасности и производственной санитарии. К выполнению этих работ допускаются лица, не моложе 18 лет, прошедшие медицинский осмотр и получившие допуск к работе с пестицидами. Этим людям необходимо инструктировать и обучить правилам обращения с ядохимикатами, обеспечить средствами индивидуальной защиты (респиратор, перчатки, маска, очки), спецодеждой (куртка с брюками, обувь, головной убор). После работы спецодежду ежедневно встрахивают на открытом воздухе, респираторы регулярно 1 раз в 10 дней стирают в горячем мыльно-содовом растворе.

Все эти процедуры выполняются для профилактики отравления работников. Проникая в организм в небольших количествах, они вызывают нарушение его жизнедеятельности, способны накапливаться в организме. При накоплении в организме яды вызывают обострение уже имеющихся в организме хронических заболеваний. Яды попадают в организм человека различными путями: через дыхательные пути (не использование в работе средств индивидуальной защиты), через желудочно-кишечный тракт (не соблюдение личной гигиены), через поврежденную кожу (не использование спецодежды).

Работодатель обязан выполнять и соблюдать соответствующие рекомендации при работе с применением пестицидов.

Д.ОРДАБАЕВ,
ведущий специалист УСЭК
Сарканского района.

Тазалық талпаңдарын қатаң сақтаңыздар

Қасиетті «Құрбан айт» мерекесі қарсаңында мал сату, сою бекеттерінде және мұсылман қауымының басы қосылып үй жағдайында, мешіттерде немесе қоғамдық тамақтану орындарында «құдайы тамақ» беру ұйымдастырылатын кезеңі. Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы осындай іс-шаралар өткізу барысында аса қауіпті жұқпалы аурулардың, жаппай тамақтану уланудың және жедел ішек инфекцияларының алдын алу мақсатында төмендегі талаптарды сақтауды ұсынады.

Мал сату, сою бекеттерінде:

- құрбандыққа шалынатын малдарды сату мен сою арнайы орындарда және әрбір жануарлардың тиісті ветеринарлық құжаттары (ветеринарлық паспорт, құлақ сырғалары) болған жағдайда ғана іске асырылуы тиіс; - мал сою орындарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуы (ауыз су, лас су жүйелерінің болуы), мал сою барысында шыққан қалдықтардың уақтылы залалсыздандырылып, шығарылуы керек; - қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі және медициналық кітапшаларының болуы, жеке бас гигиенасын сақтауы қажет.

Үй жағдайында:

қонақтардың қол жууына жағдайдың болуы; - тамақтану бөлмелерінің ауасын жиі алмастыру; - шикізат пен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін куәландыратын тауардың ілеспе құжаттамасы бар орындардан сатып алынуы; үй жағдайында дайындалған консерві (салаттар, ет, құс, балық, саңырауқұлақ және т.б.) өнімдерін пайдаланар алдында 15-20 минут термиялық өңдеуден өткізу; ет, құс, жұмыртқадан тез бұзылатын тағамдар, сондай-ақ паштеттер, аспаздық өнімдер, кремі бар кондитерлік өнімдер, салаттарды дайындағаннан кейін бірден қолдану, сақтау талабы бұзылғанда, келесі күні пайдаланбау; терінің іріңді аурулары бар, іріңді кесілген, күйген, терісі сыдырылған, сондай-ақ жоғары тыныс алу жолдарының ауруы болған жағдайда тамақ әзірлеуге қатыспау керек.

Қоғамдық тамақтану нысандары мен мешіттерде:

ауыз су, ыстық су, лас су жүйелерімен, түрлі деңгейдегі жұқпалы аурулардың алдын алу үшін келушілер мен персоналға арналған раковиналар, қол жуу, өңдеу, сүрту немесе кептіру құрылғыларымен және құралдармен жарақталуы; желдету және (немесе) ауа баптау жүйелерінің көзделуі; қоғамдық

тамақтану өнімдерін дайындау үшін пайдаланылатын азық-түлік (тағамдық) шикізатының, тамақ өнімдерінің және қосымша материалдардың әрбір партиясының қабылдау, сақтау, тасымалдауын қадағалау және қауіпсіздігін куәландыратын тауардың ілеспе құжаттамасы бар орындардан сатып алынуы; үй жағдайында дайындалған консерві (салаттар, ет, құс, балық, саңырауқұлақ және т.б.) өнімдерін қоғамдық тамақтану орнында, мешіттерде пайдаланбау; тез бұзылатын тамақ өнімдері үшін тауардың ілеспе құжаттамасына өнімнің шығарылған уақыты мен күні, сақтау шарттары (температура-сы, қажет етілген жағдайда ауаның салыстырмалы ылғалдығы), соңғы жарамдылық мерзімі көрсетілуі, олардың тоңазытқышта сақталуы; азық-түлік (тамақ) шикізаты мен дайын тамақ өнімдерін (ет, құс еті, балық, көкөністер, асқөк, ет, сүт өнімдерін, нан және нан-тоқаш бұйымдары, кондитерлік бұйымдар) бөлшектеу үшін әдеттегі тамақ өнімдеріне сәйкес әріпті және (немесе) түрлі-түсті таңбалауды пайдаланып таңбаланған жеке бөлшектеу мүкәммалдарды (бөлшектеу тақтайшалары, пышақтар) мақсаты бойынша пайдалану; жабдықты пайдалану, жуу және дезинфекциялауды оларды пайдалану, жуу және дезинфекциялау жөніндегі өндіруші нұсқаулығына сәйкес жүзеге асыру; тамақ қалдықтарын жинауға арналған жарамды жағдайдағы бөлек контейнерлер (жабылатын сыйымдылықтар), оларды тазалауды, жууды және жануарлардың кіруінен қорғауды қамтамасыз ететін қоқыс пен тамақ қалдықтарын жинауға арналған шаруашылық алаңының көзделуін; персоналдың арнайы киімдермен қамтамасыз етілуі мен жеке бас гигиенасын сақтау жағдайының болуы; медициналық тексеріп-қараудан, гигиеналық оқытудан өткендігі туралы белгісі және жұмысқа рұқсаты бар әр жұмыскердің жеке медициналық кітапшасының жұмыс орнында сақталуы; терінің іріңді аурулары бар, іріңді кесілген, күйген, терісі сыдырылған, сондай-ақ жоғары тыныс алу жолдарының ауруы бар, инфекциялық аурулармен ауыратын және инфекциялық ауруларға күдікті адамдар жұмысқа жіберілмеу керектігін ұсына келе, жоғарыда аталған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталмаған жағдайда халық арасында улану, аса қауіпті, өткір ішек жұқпалы аурулар жағдайларының тіркелуіне себепкер болатынын еске саламыз.

Д.КАЛЫГУЛОВ,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

"Zhol Service KZ" ЖШС "Жетісу облысының Сарқан ауданында орналасқан" Лепсинское "құрылыс тасы кен орнын жою жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі" бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылау мерзімі 10 жұмыс күні 09.06.2025 жылдан 20.06.2025 жылға дейін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Zhol Service KZ" ЖШС, мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қыз Жібек к-сі, 117. БСН 191140028766, Zhol-kz@mail.ru.

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектісінің құжаттамасын әзірлеуші: М.в. Дробот ЖК, Астана қ., Пушкин к-сі, 15 үй, 17 пәтер. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://nbdecology.gov.kz>.

Пройдут общественные слушания

ОО «Zhol Service KZ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по «Разделу охраны окружающей среды к Плану ликвидации месторождения строительного камня «Лепсинское» расположенного в Сарканском районе Жетысуской области».

Срок публичных обсуждений 10 рабочих дней со 09.06.2025 года по 20.06.2025 года.

Инициатор намечаемой деятельности: ОО «Zhol Service KZ», адрес: 050000, Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Кыз Жибек 117. БИН 191140028766, Zhol-kz@mail.ru.

Разработчик документации объекта государственной экологической экспертизы: ИП Дробот М.В., г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Ссылка на единый экологический портал, где принимаются замечания и предложения: <https://nbdecology.gov.kz>.

Хабарландыру

10.07.2025 жылы сағат 11.00-де «Aksenger ltd» ЖШС «Қуаттылығы жылына 180 000 тонна кен өндіретін алтын өндіру зауытының құрылысы. Гидрометаллургиялық цехтың құрылысы» жұмыс жобасының қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобалары, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары, технологиялық стандарттар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар ашық отырыс түрінде өтеді.

Zoom конференциясына қосылу: <https://us06web.zoom.us/j/84206483839?pwd=VXJV3yPuUWm0n7JadsFwkabsBTxMJY.1>

Конференция идентификаторы: 842 0648 3839 Қосылу коды: 831148

Өтетін орны: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсі п.ә., б. Лепсі, Мұқан Төлебаев көшесі 1, «Сарқан ауданы Лепсі ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты. Қатысушылар жеке басын куәландыраты құжатты көрсеткеннен кейін тіркеле алады.

Қосылу мәселелері бойынша әзірлеушінің телефондарына хабарласуға болады.

Тұтынушы, мәліметтер мен байланыс деректері: «Aksenger ltd» ЖШС Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қ-сы, Тәуелсіздік к-сі, 108 ғим. ЖСН 190 140 020 547, тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: anuar4eg@mail.ru

Әзірлеуші: «СЕВЭКОСФЕРА» ЖШС, Петропавл қ-сы, Алтынсарин көшесі 168Б, 306 каб. 46-77-56

Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: тел. +7 (7282) 32-93-83.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Қосымша мәліметті 87152467756 байланыс телефоны арқылы немесе sevekosfera@inbox.ru электрондық почтасы арқылы алуға болады

Хабарландыру

08.07.2025 ж., 12.00 сағ. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсі кенті, Мұқан Төлебаев көшесі, 1, "Сарқан ауданы Лепсі ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты мекенжайы бойынша «Кен орнының құрамында алтыны бар кендердің қорларын пысықтау жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша "ҚТҚ қолдану арқылы КЭР" жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі Шолқызыл аралас тәсілмен", рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Технологиялық нормативтер".

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 1 сағат бұрын енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізіледі.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Белсенді сілтеме " Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" сайтында орналастырылады <https://ndbecology.gov.kz/>.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: тел. +77760733337.

"Эколира" ЖШС сізді жоспарланған конференцияға шақырады: Zoom.

Тақырыбы: "Aksenger LTD" ЖШС қоғамдық тыңдауы

Уақыты: 8 шілде. 2025 12: 00 AM Алматы

Zoom конференциясына қосылыңыз

<https://us04web.zoom.us/j/7722076593?pwd=8oAidBIXrasSbIX7bdEnyWzHRrBTWP.1&omn=78013898513> Конференция идентификаторы: 772 207 6593, Кіру коды: 123456.

Тапсырыс беруші - "Aksenger Ltd" ЖШС Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 108 ғимарат, БСН: 190140020547, Тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: anuar4eg@mail.ru

Құжаттаманы әзірлеуші - "ЭКОЛИРА" ЖШС, Өскемен қ., Потанин к-сі 21-2, БСН: 990340009256, Тел. +7 (776) 073 33 37; әл. пошта: ekolira@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган - "Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Тел. +7 (7282) 32-93-83. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.

Жоба бойынша құжаттама " Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" сайтында орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/> / "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде және ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады: Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, № 26, e-mail: priroda@zhetysu.gov.kz, Тел. +7(7282)40-03-02.

Объявление

10.07.2025 года в 11.00 часов ОО «Aksenger ltd», проводит общественные слушания по Раздел охраны окружающей среды к рабочему проекту "Строительство золотоизвлекательной фабрики производительностью 180 000 т руды в год. Гидрометаллургический цех", проект нормативов допустимых выбросов, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по ООС, технологические нормативы.

Общественные слушания будут проведены в форме открытого собрания.

Подключиться к конференции Zoom <https://us06web.zoom.us/j/84206483839?pwd=VXJV3yPuUWm0n7JadsFwkabsBTxMJY.1> Идентификатор конференции: 842 0648 3839 Код доступа: 831148

Место проведения: область Жетісу, Сарканский район, Лепсинская п.а.,п. Лепсы, улица Мукан Тулебаев 1, здание ГУ "Аппарат акима Лепсинского сельского округа Сарканского района". Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик, реквизиты и контактные данные: ОО " Aksenger ltd " Область Жетісу, Сарканский район, г.Саркан, ул.Тәуелсіздік, зд.108 БИН 190 140 020 547, тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: anuar4eg@mail.ru

Разработчик: ОО «СЕВЭКОСФЕРА» г. Петропавловск, ул. Алтынсарина 168Б, каб.306. Тел.46-77-56, БИН 070540003044

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. +7 (7282) 32-93-83.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО e-priroda.gov.kz., в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить по номеру 8(7152)46-77-56 или через электронную почту sevekosfera@inbox.ru

Объявление

08.07.2025 г, 12.00 ч. по адресу область Жетісу, Сарканский район, Лепсинская п.а., п.Лепсы, улица Мукан Тулебаев 1, здание ГУ "Аппарат акима Лепсинского сельского округа Сарканского района" проводятся общественные слушания по проекту «КЭР с применением НДТ, Проект «Раздел охраны окружающей среды к «Плану горных работ по отработке запасов золотосодержащих руд месторождения Шолқызыл комбинированным способом», Проект Нормативов допустимых выбросов, План мероприятий по охране окружающей среды, Программа Производственного экологического контроля, Программа управления отходами, технологические нормативы .

Регистрация участников вводится за 1 час, при предъявлении документа, удостоверяющего личности до начала обсуждения.

Общественные слушания будут проведены в форме открытого собрания.

В случае введения карантинных мер, слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. Активная ссылка будет предоставлена на размещена на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (НДП СОС и ПР) <https://ndbecology.gov.kz/>.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону: тел: +77760733337.

ОО «Эколира» приглашает вас на запланированную конференцию: Zoom.

Тема: Общественные слушания ОО "Aksenger LTD"

Время: 8 июль. 2025 12:00 AM Алматы

Подключиться к конференции Zoom

<https://us04web.zoom.us/j/7722076593?pwd=8oAidBIXrasSbIX7bdEnyWzHRrBTWP.1&omn=78013898513>

Идентификатор конференции: 772 207 6593

Код доступа: 123456

Заказчик - ОО "Aksenger Ltd" Область Жетісу, Сарканский район, Сарканская г.а., г.Саркан, улица Тәуелсіздік, здание 108, БИН: 190140020547, тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: anuar4eg@mail.ru

Разработчик документации – ОО «ЭКОЛИРА», г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина 21-2, БИН:990340009256, тел. +7 (776) 073 33 37; әл. почта: ekolira@mail.ru.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. +7 (7282) 32-93-83. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.

Документация по проекту размещена на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Общественные слушания» и на сайте МИО e-priroda.gov.kz., в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: область Жетісу, 040000, город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26, e-mail: priroda@zhetysu.gov.kz, тел. +7(7282)40-03-02.



«Ұзақ өмір сүру» орталығы

Сарқан ауданының орталығында ардагерлердің бос уақытын тиімді пайдалануына жан-жақты жағдай жасалынған. Жуырда Сарқан қаласындағы «Ұзақ өмір сүру» орталығының ашылуына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, орталыққа жеңіл автокөлік сыйға тартқан болатын.

Ардагерлер осы орталықта еркін дем алады, уақытын пайдалы істерге жұмсайды, көңіл-күйлері көтеріледі. Мұнда тігін цехы, спорт жабдықтары, музыкалық аппаратулар, кітапхана, тұзды шахта бөлмесі, асхана, жуынуға арналған және массаж бөлмелері бар.

Жуырда аудандық ардагерлер ұйымының бастамасын жергілікті атқарушы билік қолдап, орталықта «Ашық есік күні» өткізілді. Осынау аға буын өкілдерінің игілігіне арналған орталықтың қажеттілігін өз сөзіне арқау еткен аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев ардагерлердің ұзақ өмір сүруіне ізгі тілегін арнады. Ауданның абыз ақсақалы әріптестеріне ақ батасын ақтарып, аудандық мәдениет үйі қызметкерлері ән-жырдан шашу шашты.

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ,

Сарқан аудандық «Ардагерлер ұйымы» филиалының төрағасы.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Сарқан аудандық кітапхана қызметкері, құрметті әріптесіміз **Алмагүл Құдайбергенқызын** 10 маусым күнгі қуанышты сәті 50 жас туған күнімен құттықтаймыз!

Туған күніңізге орай әріптестеріңіздің ақ көңілінен шыққан құттықтаулары мен жылы лебіз-тілектерін қабыл алыңыз. Біраз жылда өзіңіздің еңбек етіп жүрген мәдениет салаңызда білікті де білгір маман ретінде танылып үлгердіңіз. Осы айтулы сәтте, сізге келешекте мамандығыңыздың үздік шебері атанып, еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді тілейміз. Өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңа қадірлі де сыйлы боп, әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,

Бақытқа отбасылық кенеліңіз!

Жұмыста еңбегіңіз бағаланып,

Медальмен, орденменен еленіңіз!



Ізгі тілекпен: Сарқан аудандық, ауылдық кітапхана ұжымдары.



Желдей ескен желаяқ ата

Күнделікті ары-бері өткенде үйінің маңайына қылау түсірмейтін, екі көшені төте жалғайтын жалғызаяқ жолды қысы-жазы таза ұстап, елдің алғаусыз алғысына бөленген көрші атаның жүгіргенде алдына жан салмайтын өнері барлығын жақында біліп, таң қалдым әрі тамсандым. Таң қалғаным жетпіске келсе де жүгіруде анау-мынау жастарыңа шаң қаптыратын желаяқтығы. Тамсанғаным болмасаң да ұқсап бақ деп Абай атамыз айтпақшы, Ғалым атамыздан үйренер, үлгі алар өнеге көп екен.

Шерубаев Ғалым атамыз 1955 жылы 8 маусымда Қытайдың Шәуешек қаласында дүниеге келген. 1962 жылы атамекенге көшіп келгеннен осы күнге дейін Алла берген қуаттың арқасында саялы өңірдің ауасы мен суын жұтып келеді. Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумын (қазіргі политехникалық колледж) техник-механик мамандығы бойынша бітіргеннен өмір бойы қолайына жаққан құрылысшылықпен айналысты.

Жүгіруді серік еткеніме 15 жылдай болды. Алғаш рет әлі есімде өңірімізге белгілі тұлға Сәдуақас Қожасбаевты еске алу турниріне қатысып, бағым мен бабымды байқадым. 50 жастан жоғарылар 10 шақырымға жүгірдік. 30 адамның ішінде 12-ші болып келдім. Табандылығыма риза болған кәсіпкер Ерлан Қожасбаевтың арнайы жүлдесіне ие болуым осынау іске деген құлшынысымды арттырып, жігерімді жаныды- дейді желаяқ атамыз Ғалым Абдқаламұлы.

Содан бері желдей ескен желаяқ

атамыз біраз жарыстарға қатысып, замандастарының арасында оза шауып жүлделі орындарға ие болып жүр. Атамыздың қабілет-қарымын байқаған аталмыш сала мамандары да кейіпкерімізді түрлі деңгейдегі бәсекелерге апарып жүр.

Былтыр Республика күніне арналған 60 жастан жоғары ерлер арасындағы аудандық марафонда II орынға ие болса, Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған 10 шақырымдық LEPSI RUN спорттық жарысына қатысып, жоғарыда аталған санат бойынша I орын иегері атанып, арнайы сертификат – Жасылкөлге сапарды олжалады. Сондай-ақ әлемге әйгілі Алматы марафонында 10 километрге жүгіруде 60-70 жас аралығындағы 20 үміткердің ішінде мәре сызығын 4-інші болып кесіп, талайларды таң қалдырды.

Күнделікті таң намазын мәшһүр барып өтеген соң қаламыздағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің ауқымды стадионын екі рет айнала немесе қара

жолды жағалап 10 шақырымға дейін жүгіру Ғалым атамыздың күнделікті әдетіне айналған. Дене шынықтыратын жаттығуды да тұрақты жасайды. Одан кейін бау-бақшаны күтіп баптау, қолдағы бар малдардың жай-күйін жасаудан қолы босамайды. Кей жылдары бие байлап, саумал саууды әдетіне айналдырады.

Құдай қосқан қосағы Мәрия Бейсембайқызы екеуі мәпелеп өсірген 2 ұл, 1 қыздан қазіргі таңда 12 немере сүйіп отыр. Ұлдың үлкені Ерболат Сарқан политехникалық колледжінде студенттерге білім берсе, қызы Жанар Талдықорған қаласында ұстаздық етеді. Ал шаңырақ иесі Жанболат өз несібесін саудасаттықта тауып жүр.

Ағымдағы жылдың 8 маусымында 70 жасқа толатын желаяқ атамызға жаратқан иеміз ұзақ ғұмыр берсін, балаларының, немерелерінің қызығын қызықтап, мағыналы ғұмыр көше берсін деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Партия ЖЕҢІСХАН.

РӘМІЗДЕР-елгізімнің реңі, теңгізімнің тірегі

4 маусым – қазақ елі үшін ерекше күн. Өйткені, бұл күн – Мемлекеттік рәміздер күні. Біздің мемлекеттік рәміздер – ту, елтаңба, әнұран. Туда көк аспан, алтын күн және ою бейнеленген. Көк аспан аспанымыздың ашық болуын білдіреді. Алтын күнді көк аспанымызда жарқырап күн болсын деген ниетпен бейнелейді. Ал елтаңбада пырақ, шаңырақ, уық бейнеленген. «Пырақ» әрдайым еліміз биікке самғап, жетістікке жетуді бейнелейді. «Шаңырақ» еліміз бір шаңырақтай берекелі әрі тату болуын бейнелейді. Ал «уық» еліміздің шаңырағын әрдайым ұстап сақтап тұрады. Ал әнұранымыз – еліміздің мақтанышы. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер және Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» заң 2007 жылғы 4 маусымда қабылданды.

Сарқан ауданының тарихы музейінде жыл сайын рәміздер күніне байланысты шаралар ұйымдастырылып келеді. Маусым айының 3 - ші жұлдызында мектеп оқушыларына музейде Қазақстан Республикасының рәміздер күніне орай «Рәміздер-елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі» тақырыбында дәріс өткізілді. Дәріс барысында, сынып оқушыларына тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мәртебесін айқындайтын басты құндылықтарымыз мемлекеттік рәміздер екенін айтып, шығу тарихын, олардың жалпы сипаттамасын, авторлары Шәкен Ниязбеков, Шота Уалиханов, Жүмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқовтардың еңбектерін атап өтті.

Еліміздің басты құндылықтарын құрметтеу әрбір азаматтың басты парызы. Рәміздеріміз мақтанышымыз, елдігіміздің ұраны, патриоттығымыздың бастауы, Отанымыздың символы деп тануымыз қажет.

С. ЕРЖАНОВ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің қор сақтаушысы.

ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Сарқан, ул. Тәуелсіздік 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдықорған. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

Хабарландыру

► **Прищепа Анатолий Васильевичтің** атына ҚР ІІМ-нен 10.03.2023 жылы 052873813 нөмірімен берілген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Додабасова Толқын Жексембаевнаның** атына Шатырбай орта мектебінен 1995 жылы орта мектепті бітіргені туралы берілген

аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Мүздіманова Мәдина Ғабитқызының** атына В санатты ВР 030509 нөмірімен тіркелген жүргізуші куәлігі жоғалғанына байланысты жарамсыз деп танылсын.